

Көлеңкелі экономикаға қарсы іс-қимыл жөніндегі 2019 – 2021 жылдарға арналған іс-шаралар жоспарын бекіту және "Қазақстан Республикасының 2015 – 2025 жылдарға арналған сыбайлас жемқорлыққа қарсы стратегиясын іске асыру және көлеңкелі экономикаға қарсы іс-қимыл жөніндегі 2018 – 2020 жылдарға арналған іс-шаралар жоспарын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2018 жылғы 31 мамырдағы № 309 қаулысына өзгерістер енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2018 жылғы 29 желтоқсандағы № 921 қаулысы.

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қоса беріліп отырған Көлеңкелі экономикаға қарсы іс-қимыл жөніндегі 2019 – 2021 жылдарға арналған іс-шаралар жоспары (бұдан әрі – Жоспар) бекітілсін.

2. "Қазақстан Республикасының 2015 – 2025 жылдарға арналған сыбайлас жемқорлыққа қарсы стратегиясын іске асыру және көлеңкелі экономикаға қарсы іс-қимыл жөніндегі 2018 – 2020 жылдарға арналған іс-шаралар жоспарын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2018 жылғы 31 мамырдағы № 309 қаулысына мынадай өзгерістер енгізілсін:

тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:

"Қазақстан Республикасының 2015 – 2025 жылдарға арналған сыбайлас жемқорлыққа қарсы стратегиясын іске асыру жөніндегі 2018 – 2020 жылдарға арналған іс-шаралар жоспарын бекіту туралы";

1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Қоса беріліп отырған Қазақстан Республикасының 2015 – 2025 жылдарға арналған сыбайлас жемқорлыққа қарсы стратегиясын іске асыру жөніндегі 2018 – 2020 жылдарға арналған іс-шаралар жоспары (бұдан әрі – Жоспар) бекітілсін.";

2-тармақтың 2) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"2) жылына бір рет, есепті жылдан кейінгі айдың 15-күнінен кешіктірмей Қазақстан Республикасының Мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігіне Жоспар іс-шараларының орындалу барысы туралы ақпарат берсін.";

4-тармақ алып тасталсын;

5-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"5. Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің Кеңесі есепті жылдан кейінгі 15 наурыздан кешіктірмей Қазақстан Республикасы Президентінің Әкімшілігіне жылдың қорытындысы бойынша Жоспар іс-шараларының орындалу барысы туралы ақпарат берсін.";

көрсетілген қаулымен бекітілген Қазақстан Республикасының 2015 – 2025 жылдарға арналған сыбайлас жемқорлыққа қарсы стратегиясын іске асыру және көлеңкелі экономикаға қарсы іс-қимыл жөніндегі 2018 – 2020 жылдарға арналған іс-шаралар жоспарында:

тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:

"Қазақстан Республикасының 2015 – 2025 жылдарға арналған сыбайлас жемқорлыққа қарсы стратегиясын іске асыру жөніндегі 2018 – 2020 жылдарға арналған іс-шаралар жоспары";

"Көлеңкелі экономикаға қарсы іс-қимыл" деген бөлім алып тасталсын;
ескертпеде:

аббревиатуралардың толық жазылуы мынадай редакцияда жазылсын:

"аббревиатуралардың толық жазылуы:

ПӘ – Қазақстан Республикасы Президентінің Әкімшілігі

ЖС – Қазақстан Республикасының Жоғарғы Соты

БП – Қазақстан Республикасының Бас прокуратурасы

МҚІСҚА – Қазақстан Республикасының Мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі

СІМ – Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігі

ІІМ – Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрлігі

Әділетмині – Қазақстан Республикасының Әділет министрлігі

Қаржымині – Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі

БҒМ – Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігі

ДСМ – Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау министрлігі

ҰЭМ – Қазақстан Республикасының Ұлттық экономика министрлігі

ЭМ – Қазақстан Республикасының Энергетика министрлігі

МСМ – Қазақстан Республикасының Мәдениет және спорт министрлігі

АКМ – Қазақстан Республикасының Ақпарат және коммуникациялар министрлігі

ИИДМ – Қазақстан Республикасының Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрлігі

ҚДМ – Қазақстан Республикасының Қоғамдық даму министрлігі

АШМ – Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрлігі

Еңбекмині – Қазақстан Республикасының Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі

ЖАО – жергілікті атқарушы органдар

АҚ – акционерлік қоғам

"Атамекен" ҰКП – "Атамекен" Қазақстан Республикасының ұлттық кәсіпкерлер палатасы

БАҚ – бұқаралық ақпарат құралдары

ҮЕҰ – үкіметтік емес ұйымдар

ТБЖ – тәуекелдерді басқару жүйесі".

3. Орталық атқарушы органдар, Қазақстан Республикасының Президентіне тікелей бағынатын және есеп беретін мемлекеттік органдар (келісу бойынша), облыстардың, Астана, Алматы және Шымкент қалаларының әкімдері, сондай-ақ Жоспардың орындалуына жауапты мүдделі ұйымдар:

1) Жоспарды іске асыру жөнінде қажетті шаралар қабылдасын;

2) жылына бір рет, есепті жылдан кейінгі айдың 15-күнінен кешіктірмей Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігіне Жоспар іс-шараларының орындалу барысы туралы ақпарат берсін.

4. Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі есепті жылдан кейінгі 15 наурыздан кешіктірмей Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің Кеңесіне Жоспар іс-шараларының іске асырылу барысы туралы жиынтық ақпарат ұсынсын.

5. Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің Кеңесі жыл қорытындылары бойынша есепті жылдан кейінгі 15 сәуірден кешіктірмей Қазақстан Республикасы Президентінің Әкімшілігіне Жоспар іс-шараларының орындалу барысы туралы ақпарат берсін.

6. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі

Б. Сағынтаев

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
2018 жылғы 29 желтоқсандағы
№ 921 қаулысымен
бекітілген

Көлеңкелі экономикаға қарсы іс-қимыл жөніндегі 2019 - 2021 жылдарға арналған іс-шаралар жоспары

Р/с №	Іс-шараның атауы	Аяқтау нысаны	Орындау мерзімдері	Орындауға жауаптылар	Болжанатын шығыстар (мың теңге)	Қаржыландыру көздері
1	2	3	4	5	6	7
Нәтиже көрсеткіші: ЖІӨ-ге шаққанда көлеңкелі экономика деңгейі %-бен 2019 жылы 23 %-дан аспайды, 2020 жылы 20 %-дан аспайды, 2021 жылы 15 %-дан аспайды						
1.	Көлеңкелі экономика статистикасының әдіснамасын жетілдіру	ҰЭМ-нің Статистика комитетіне ұсыныстар	2019 жылғы 2-тоқсан	Қаржымині, ҰБ (келісу бойынша), БП (келісу бойынша), ІІМ, Еңбекмині, ДСМ,	талап етілмейді	

				ИИДМ, ҰҚП (келісу бойынша)		
2.	Халық пен бизнесті қолма-қол ақшасыз төлемдерді пайдалануға ынталандыру үшін заңнамаға өзгерістер енгізу мәселесін пысықтау	Қаржыминіне	2019 жылғы 4-тоқсан	ҰЭМ, Қаржымині, ҰБ (келісу бойынша)	талап етілмейді	
3.	Пластикалық карталарға балама төлем жүйелерін (атап айтқанда, электрондық ақша операторларын) дамыту үшін заңнамаға өзгерістер енгізу мәселесін пысықтау	НҚА -ға өзгерістер мен толықтырулар енгізу	2019 жылғы 3-тоқсан	ҰБ (келісу бойынша), Қаржымині, ҰҚП (келісу бойынша), ҚҚҚ (келісім бойынша)	талап етілмейді	
4.	Салық төлеушінің салық кабинеті базасында жеке тұлғалар үшін жүргізілген қолма-қол ақшасыз есеп айырысулар бойынша салық бонусын енгізу мәселесін пысықтау	НҚА -ға өзгерістер мен толықтырулар енгізу	2019 жылғы 4-тоқсан	Қаржымині, ҰЭМ	талап етілмейді	
5.	Ақшалай есеп айырысу кезінде азаматтардың чек талап етуін ынталандыру мақсатында бақылау-касса машиналарының чектері бойынша жыл сайын ұтыс ойынын өткізу	бұйрық	2019 жылғы 2-тоқсан	Қаржымині, ҰҚП (келісу бойынша)	талап етілмейді	
6.	Қызметін ҰЭМ патенті немесе оңайлатылған декларациясы негізінде жүзеге асыратын тұлғалар үшін қосылған құн салығы бойынша тіркеу есебіне қоюдың шекті мәнін ұлғайту, онлайн-БКМ не үш құрауышты интеграцияланған жүйе сатып алу сомасына салық шегерімінің енгізілуін ескере отырып, қолма-қол ақшасыз төлемдер бойынша	Қаржыминіне ақпарат	2019 жылғы 4-тоқсан	ҰЭМ, Қаржымині, ҰҚП (келісу бойынша)	талап етілмейді	

	арнайы салық режимдерін қолдану үшін шекті кірісті ұлғайту мәселесін пысықтау				
7.	Салық төлеуші есепті салық кезеңі үшін қосымша декларациялар ұсынған жағдайда мерзімінде төленбеген салықтың және бюджетке төленетін төлемнің сомасына есептелетін өсімпұл еселігін төмендету бойынша ынталандыру шараларын әзірлеу	НҚА -ға өзгерістер мен толықтырулар енгізу	2019 жылғы 4-тоқсан	Қаржымині	талап етілмейді
8.	Қосылған құн салығын өкімшілендіруді одан әрі жетілдіру мәселесін пысықтау	НҚА -ға өзгерістер мен толықтырулар енгізу	2019 жылғы 4 -тоқсан	Қаржымині, ҰЭМ, ҰКП (келісу бойынша)	талап етілмейді
9.	Жер қойнауын пайдаланушылардың шығыстарын келісу және бекіту кезінде пайдалану үшін сыртқы экономикалық қызметтің басқа қатысушылары әкелген тауарлармен салыстырғанда жер қойнауын пайдалануға арналған келісімшарттар не өнімді бөлу туралы келісімдер шеңберінде әкелінетін тауарлардың орташа бағалары бойынша деректер ұсынуды қамтамасыз ету	ЭМ -ге ақпарат	тоқсан сайын	Қаржымині	талап етілмейді
10.	Бірыңғай құқық қолдану практикасын әзірлеу және халықаралық бизнес-операцияларға қатысушылар мен мемлекеттік кірістер органдары арасындағы келіспеушілерді жою мақсатында жекелеген экспорттық тауарлар бойынша баға белгілеу қағидаларының жобаларын (әдістерін) келісу	Қаржыминіне ақпарат	2019-2020 жылдар	ҰЭМ, мүдделі мемлекеттік органдар, ҰКП (келісу бойынша)	талап етілмейді

11	Тасымалданатын тауарлар мен көлік құралдары туралы алдын ала мәліметтермен алмасу бойынша Түркияның, Иранның уәкілетті органдарымен келісімдер жасасу бойынша шаралар қабылдау	келісімдер	2019 жылғы 4-тоқсан	Қаржымині, ҰЭМ, СІМ	талап етілмейді	
12	Заңнамаға сәйкес Қаржыминінің ақпараттық жүйелерін басқа мемлекеттік органдардың ақпараттық жүйелерімен интеграциялау	пайдалануға беру актісі	2020 жылғы 4-тоқсан	Қаржымині, мүдделі мемлекеттік органдар	талап етілмейді	
13	Қазақстан Республикасының ауылдық елді мекендерін талшықты-оптикалық байланыс желілерінің технологиясы бойынша кең жолақты қолжетімділікпен қамтамасыз ету	Қаржыминіне ақпарат	жыл сайын, 4-тоқсан	АКМ	талап етіледі	мемлекеттік-жекешелік әріптестік шеңберінде
14	Ауыл шаруашылығы және агроөнеркәсіптік кешенді субсидиялау рәсімдерін жетілдіру	Қаржыминіне ақпарат	2019 жылғы 4-тоқсан	АШМ, ҰЭМ	талап етілмейді	
15	Еңбек шарттарын жасаспай қызметкерлердің еңбегін пайдаланатын жұмыс берушілерге шаралар қолдана отырып, мониторинг жүргізу	Қаржыминіне ақпарат	жартыжылдық қорытындысы бойынша 20 қаңтар мен 20 шілдеден кешіктірмей	Еңбекмині, АШМ, ЖАО, ҰКП (келісу бойынша)	талап етілмейді	
16	Квазимемлекеттік сектордың ашықтығын арттыру мақсатында, оның ішінде тауарды немесе көрсетілетін қызметті егжей-тегжейлі сипаттай отырып, тендерді ұтып алған тұлға, баға туралы толық ақпаратты, сондай-ақ өндіруші туралы ақпаратты жариялау жолымен оның сатып алу тетігін жетілдіру	Заң жобасы	2019 жылғы 2-тоқсан	Қаржымині, ҰЭМ, ЖАО, ЕК (келісу бойынша), БП (келісу бойынша), ҰКП (келісу бойынша), ҰБХ (келісу бойынша)	талап етілмейді	

17	Қолма-қол ақшасыз нысанда жылжымайтын мүлікпен мәмілелерді жүзеге асыруды ынталандыру тетіктерін әзірлеу	Қаржыминіне ақпарат	2019 жылғы 3-тоқсан	ҰБ (келісу бойынша), АКМ, ҰЭМ, ҚҚҚ (келісу бойынша)	талап етілмейді	
18	Қолма-қол ақшамен есеп айырысу төлемі 1000 еселенген АЕК мөлшерінен асатын сатып алынған тауарлар, орындалатын жұмыстар, көрсетілетін қызметтер бойынша шығыстарды КТС, ЖТС бойынша шегерулерге жатқызудың мүмкін еместігі бөлігінде салық заңнамасына өзгерістер енгізу	Салық кодексіне өзгерістер енгізу	2020 жылғы 1-тоқсан	Қаржымині, ҰЭМ, ҰБ (келісу бойынша), ҰКП (келісу бойынша)	талап етілмейді	
19	Жеке кәсіпкерлер мен заңды тұлғалардың тіркеу және деректерді беру функциялары бар БКМ қолдануға кезең-кезеңмен көшуін қамтамасыз ету	бұйрық	2019-2020 жылдар, 4-тоқсан	Қаржымині	талап етілмейді	
20	Саудада автоматтандырылған есепке алу жүйелерін және бөлшек саудада белгілі бір қызмет түрлеріне қолма-қол ақшасыз төлемдерді қабылдау құралдарын міндетті түрде енгізу және қолдану мерзімдері бойынша мәселені пысықтау	НҚА-ға өзгерістер мен толықтырулар енгізу	2019 жылғы 4-тоқсан	Қаржымині, АКМ, ҰКП (келісу бойынша)	талап етілмейді	
21	Көлеңкелі экономика саласындағы мәмілелер мен іс-әрекет үшін тараптардың жауапкершіліктерін күшейтудің қисындылығы мәселесін пысықтау	Қаржыминіне ақпарат	2019 жылғы 4-тоқсан	БП (келісу бойынша), Әділетмині, ҰЭМ, ҰКП (келісу бойынша)	талап етілмейді	
	Кең таралған пайдалы қазбалар, жерасты сулары және емдік балшықтар жөніндегі деректерді Қазақстан Республикасының					

22	минералдық ресурстарының деректер банкіне енгізу мәселесін қарау	Қаржыминіне ақпарат	2019 жылғы 4-тоқсан	ИИДМ, АҚМ, ЖАО	талап етілмейді	
23	Ақшаны жылыстату/терроризмді қаржыландыру тәуекелдерін бағалау нәтижелері бойынша әзірленген ақшаны жылыстату/терроризмді қаржыландыру тәуекелдерін төмендетуге бағытталған шараларды қабылдау	Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы	2019 жылғы 2-тоқсан	Қаржымині, МҚІСҚА (келісу бойынша), ҰҚК (келісу бойынша), БП (келісу бойынша), ПМ, ҰБ (келісу бойынша), Әділетмині, ҰЭМ, МСМ, ҚҚК (келісу бойынша)	талап етілмейді	
24	Электрондық сауда-саттықты жетілдіру мәселесін пысықтау	Қаржыминіне ақпарат	2019 жылғы 4-тоқсан	ҰЭМ, АҚМ	талап етілмейді	
25	Тауарлар қозғалысының барлық кезеңдерінде (әкелу, өндіру, өткізу) оны жан-жақты бақылау мақсатында тауарларды таңбалауды кезең-кезеңмен енгізу	НҚА-ға өзгерістер мен толықтырулар енгізу	жыл сайын, 4-тоқсан	Қаржымині, ҰЭМ, АҚМ, ҰКП (келісу бойынша)	талап етілмейді	
26	СЭҚ жүзеге асыру кезінде "тәуекел тауарларын – бүркемелеу тауарларын" анықтау жөнінде әдістемелік ұсынымдар әзірлеу және қолда бар деректердің негізінде осындай тауарлардың тізбесін жасау	әдістемелік ұсынымдар	2019 жылғы 2-тоқсан	Қаржымині, ҰКП (келісу бойынша)	талап етілмейді	
27	Тәуекелдерді бағалау нәтижелерінің негізінде: 1) камералдық кедендік тексерулер; 2) көшпелі кедендік тексерулер жүргізу үшін сыртқы экономикалық қызметке қатысушыларды іріктеу бойынша әдістемелік ұсынымдар әзірлеу	әдістемелік ұсынымдар	2019 жылғы 2-тоқсан	Қаржымині	талап етілмейді	

28	Оңтүстік Кореяның тәжірибесі бойынша салықтық әкімшілендіру мақсатында үшінші тұлғалардың бірыңғай дерекқорын құру бөлігінде заңнаманы жетілдіру мәселесін пысықтау	Қаржыминіне ақпарат	2020 жылғы 2-тоқсан	ҰЭМ, АҚМ	талап етілмейді
29	Заңнаманы: Онлайн БКМ мәліметтерін пайдалана отырып, камералдық бақылау рәсімін іске қосу; хронометражды зерттеулер мен рейдтер тағайындау бойынша ТБЖ модельдерін енгізу; электрондық (қашықтықтан) хронометраждық зерттеулерді енгізу бөлігінде жетілдіру мәселесін пысықтау	Қаржыминіне ақпарат	2019 жылғы 4-тоқсан	ҰЭМ, Қаржымині, ҰҚП (келісу бойынша)	талап етілмейді
30	Салық базасының жойылуына және салық салудан пайда алуды болдырмауға (ескертпелер мен хабарламаларды есепке ала отырып) қарсы іс-әрекет жасау мақсатында Салықтық келісімдерге қатысты шараларды іске асыру туралы конвенцияны ратификациялау	Қазақстан Республикасы Заңының жобасы	2019 жылғы 4-тоқсан	Қаржымині	талап етілмейді
31	"Электрондық шот-фактуралар" ақпараттық жүйесіндегі "Виртуалды қойма" модулінде тауарлардың тізбесін кеңейту	бұйрық	2019 жылғы 1-тоқсан	Қаржымині	талап етілмейді
32	ҚҚС бақылау шотын ерікті қолдану нәтижелері бойынша 2020 жылдан бастап барлық ҚҚС төлеушілердің ҚҚС бақылау шотын міндетті түрде қолдануға көшуі мәселесін қарау	НҚА -ға өзгерістер мен толықтырулар енгізу	2019 жылғы 4-тоқсан	Қаржымині	талап етілмейді

33	Қазынашылықты сүйемелдеу жөніндегі пилоттық жобада тәуекелдерді басқару жүйесін қолдануды кеңейту	бұйрық	2019 жылғы 1-тоқсан	Қаржымині	талап етілмейді	
34	Камералдық бақылау мақсаттары үшін салық есептілігінің нысанын жетілдіру	бұйрық	2019 жылғы 4-тоқсан	Қаржымині	талап етілмейді	
35	"Аэроғарыштық мониторингті пайдалана отырып, салық төлеушілерді салықтық әкімшілендіру" жобасын мынадай бөлікте іске асыру мәселесін қарау: - кең таралған пайдалы қазбаларды заңсыз өндіруге қарсы іс-қимыл; - ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерлерді нақты пайдалану мониторингі	пилоттық жоба	2019 жылғы 2-тоқсан	Қаржымині, ИИДМ, ҰЭМ, АШМ, ЖАО	талап етілмейді	
36	"Мемлекеттік жер кадастры" автоматтандырылған ақпараттық жүйесінің дерекқорын өзектілендіру бойынша жұмыстарды жалғастыру	Қаржыминіне ақпарат	2019 жылғы 2-тоқсан	АШМ, ҰЭМ, ЖАО	талап етілмейді	
37	Озық шетелдік тәжірибені ескере отырып, тұрғын үйді заңсыз жалға беретін адамдарды анықтау және кейіннен мемлекеттік кірістер органдарына есепке қою жөніндегі жұмысты күшейту. БАҚ, Интернет-ресурстар мониторингі, Жылжымайтын мүлікпен операциялар бойынша риэлторлар қауымдастығымен жұмыс істеу.	бірлескен бұйрық	2019 жылғы 3-тоқсан	Қаржымині, ІІМ, ҰЭМ	талап етілмейді	
	ШЫҰ-ға мүше мемлекеттердің кеден қызметтері арасындағы энергия ресурстарының орын ауыстыруын бақылау саласында	ақпарат алмасу жөніндегі		Қаржымині		

38	ақпарат алмасу туралы 2008 жылғы 30 қазандағы хаттама шеңберінде жұмысты жандандыру	техникалық шарттар	2019 жылғы 4-тоқсан		талап етілмейді
39	Камералдық бақылаудың жаңа рәсімдерін әзірлеу, оның ішінде: 1) импорттан соңғы тұтынушыға дейін толассыз бақылау рәсімі; 2) импорт бойынша деректерді пайдаланылатын рәсімдер және басқалары	камералдық бақылау рәсімдерінің тізілімі	жыл сайын	Қаржымині	талап етілмейді
40	М ы н а : - ақшамен және (немесе) өзге мүлікпен күдікті операциялар туралы ақпаратты қаржылық мониторингтеу субъектілері бағыттарының қолданыстағы рәсімдері және оларды тоқтата тұру тәртібі; - төлем жүйелерінің халықаралық операторлары (Moneygram, Contact, Faster, Western Union, Золотая Корона және т. б.) үшін қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл режимі бөлігінде заңнаманы жетілдіру	НҚА-ға өзгерістер мен толықтырулар енгізу	2019 жылғы 4-тоқсан	Қаржымині, ҚҚҚ (келісу бойынша)	талап етілмейді
41	Жолаушылар мен жүкті тұрақты автомобильдік тасымалдаудың қалалық (қала маңы) бағыттарында жолаушыларды электрондық билеттендіру жүйелерін енгізу	Қаржыминіне ақпарат	2019 жылғы 4-тоқсан	ИИДМ, ЖАО, ҰБ (келісу бойынша), ҰКП (келісу бойынша)	талап етілмейді
	Бірыңғай электрондық тауар-көлік құжатын				

42	әзірлеу, "ЭШФ" АЖ-мен интеграциялау	жүйені әзірлеу және интеграциялау	2019 жылғы 4-тоқсан	ИИДМ, Қаржымині	талап етілмейді	
43	Өткізілетін жүктер мен тасымалдаушылар туралы деректерді беру бөлігінде АӨЖЖ (автоөлшеу жүйелері жүйесі) Қаржымині Мемлекеттік кірістер комитетінің ақпараттық жүйелерімен интеграциялау жөнінде ұсыныстар әзірлеу	Бірлескен бұйрық	2019 жылғы 2-тоқсан	ИИДМ, Қаржымині	талап етілмейді	
44	Ерекше қорғалатын табиғи аумақтарды пайдаланғаны үшін төлемақы алу жүйесін автоматтандыру (автокөлік) бойынша ұсыныстар әзірлеу	Қаржыминіне ақпарат	2019 жылғы 2-тоқсан	АШМ	талап етілмейді	
45	Қаржы мониторингіне жататын операциялар бойынша ведомстваралық ақпараттық өзара іс-қимыл процесін жетілдіру	ведомстваралық келісімге өзгерістер мен толықтырулар енгізу	2019 жылғы 1-тоқсан	Қаржымині, ҰБ (келісу бойынша)	талап етілмейді	
	Мұнай өндіретін зауыттар өндірісінің паспорттарын мына жағдайларда кері қайтарып алу тетігін пысықтау: 1) өндірудің нақты көрсеткіштерінің өндіру паспорттындағы көрсеткіштерге сәйкес келмеу фактілерінің анықталуы; 2) мұнайдың келіп түскен, қайта өңделген, қалдық және тиіп шығарылған көлемдері бойынша белгіленген есептердің жүйелі түрде ұсынылмауы; 3) сатып алынатын (қабылданатын) шикі мұнайдың және (немесе) газ конденсатының және (немесе) қайта өңдеу өнімдерінің шыққан жерін, сондай-ақ					

талап
етілмейді

46

мұнайдың және (немесе) газ конденсатының және (немесе) қайта өңдеу өнімдерінің сапасын растайтын құжаттар болмаған кезде мұнай берушілерден шикі мұнайды және (немесе) газ конденсатын және (немесе) қайта өңдеу өнімдерін сатып алу, сонымен қатар қайта өңдеуге қабылдау фактілерінің анықталуы;
4) сатып алынатын (қабылданатын) шикі мұнайдың және (немесе) газ конденсатының көлемдері мен жер қойнауын пайдаланушылар және жеткізушілердің есептеріндегі көлемдерінің арасында айырманың болуы;
5) қайта өңдеу мақсатында қабылданған (сатып алынған) шикі мұнайды және (немесе) газ конденсатын және (немесе) қайта өңдеу өнімдерін өткізу фактілерінің анықталуы;
6) құрамында металл бар қосындыларды (дизель отыны үшін антистатикалық қосындылардан басқа, темір, марганец, корғасын және басқалары) пайдалана отырып, бензин мен дизель отынын өндіру фактілерінің анықталуы;
7) екі немесе одан да көп мұнай өнімдерін өндірушілердің мұнай өнімдерін өндіру үшін бір ғана жабдықты пайдалану фактілерінің анықталуы;
8) банкрот болу, сауықтыру рәсімінің жүргізілуі және/немесе

Қаржыминіне
ақпарат

2019 жылғы
4-тоқсан

ЭМ

	өндірістің тоқтап қалуы, объектінің сатылуы, заңды тұлға атауының өзгеруі, берешекті өтеу есебіне объектіні табыстау фактілерінің анықталуы				
47	Қылмыстық жаза белгілері болмаған жағдайда, олардың шығу тегінің заңдылығын растайтын құжаттарсыз шикізатты сатып алу және қайта өңдеу кезінде Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексіне жауапкершілік белгілеудің (айыппұл) орындылығы мәселесін пысықтау	Заң жобасының тұжырымдамасы	2020-2021 жылдар	ЭМ	талап етілмейді
48	Өндірілген көмірсутектерді дұрыс есепке алуды қамтамасыз етпегені үшін Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексінде жауапкершілікті күшейтудің (айыппұлды көбейту) орындылығы мәселесін пысықтау	Заң жобасының тұжырымдамасы	2020-2021 жылдар	ЭМ	талап етілмейді
49	Кеден органдарының тәуекелдерді басқару жүйесін, оның ішінде субъектілік-бағдарланған тәсілді және пост-кедендік бақылау жүргізуді жетілдіру	бұйрық	2019 жылғы 2-тоқсан	Қаржымині	талап етілмейді
50	Кедендік бақылау кезінде тәуекелдерді анықтау үшін пайдаланылатын бағалы ақпаратты қалыптастыру қағидаттарын бекіту	бұйрық	2019 жылғы 1-тоқсан	Қаржымині	талап етілмейді
	Міндетті алдын ала электрондық ақпараттандырумен (TIR EPD) ХЖТ жүйесін қолдану практикасын	бұйрық		Қаржымині	

51	халықаралық автомобиль тасымалдарында кеңейту жөніндегі шаралар кешенін іске асыру		2019 жылғы 2-тоқсан		талап етілмейді	
52	Шағын бизнес үшін барлық арнайы салықтық режимдер бойынша шағын кәсіпкерлік субъектілерін бухгалтерлік есепті жүргізу міндеттемесінен босату және олардың салықтық есептілікті тапсыруын жеңілдету мүмкіндігі мәселесін пысықтау	НҚА-ға өзгерістер мен толықтырулар енгізу	2019 жылғы 4-тоқсан	Қаржымині, ҰЭМ	талап етілмейді	
53	Мемлекеттік қорғаныстық тапсырысты орындаушылардың шарттарын қазынашылық сүйемелдеу тетігін айқындау жөніндегі мәселені пысықтау	Қаржыминіне ақпарат	2019 жылғы 1-тоқсан	ҚАӨМ, ҰЭМ	талап етілмейді	
54	Заңнамада белгіленген тәртіппен акцизделетін өнімдер айналымы саласындағы жосықсыз салық төлеушілерге, сондай-ақ сыртқы экономикалық қызметке қатысушыларға қатысты тексерулер жүргізуді ұйымдастыру	тексеру нәтижелері туралы актілер	жартыжылдық қорытындылары бойынша 20 қаңтар мен 20 шілдеден кешіктірмей	Қаржымині	талап етілмейді	
55	Қазақстан Республикасының аумағы арқылы транзит кезінде тауарларға және көлік құралдарына қатысты байланыс және бақылау жүйесін орнату мәселесін қарау	бірлескен бұйрық	2019 жылғы 1-тоқсан	Қаржымині, ҚАӨМ, ИИДМ	талап етілмейді	
56	Іс-шараларды жоспарлау мен іске асырудың барлық кезеңдерінде бюджетті қалыптастыруға қатысушыларды жауапкершілікке тарту мен жауапкершіліктің	Қаржыминіне ақпарат	2019 жылғы 2-тоқсан	ҰЭМ, ЖАО, БП (келісу бойынша), ЕК (келісу бойынша),	талап етілмейді	

	аражігін ажыратудың тиімді тетігін құру мәселесін пысықтау			ҰҚП (келісу бойынша)		
57	Салық органдарының іс жүзінде тауарлар жеткізуді, жұмыстар мен қызметтердің орындалуын айқындау мүмкіндігі бөлігінде салық заңнамасына ұсыныстар енгізу мәселесін пысықтау	НҚА -ға өзгерістер мен толықтырулар енгізу	2019 жылғы 4-тоқсан	Қаржымині, ҰЭМ мүдделі мемлекеттік органдар	талап етілмейді	
58	ТБЖ пайдалануды кеңейту арқылы, атап айтқанда: 1) хронометраждық зерттеу тағайындау; 2) салық төлеуден жалтаруға жәрдемдесуді болжау кезінде салықтық әкімшілендірудің тиімділігін арттыру	тәуекелдерді басқарудың ақпараттық жүйесінің модулін өнеркәсіптік пайдалануға беру актісі	2019 жылғы 1-тоқсан	Қаржымині	талап етілмейді	
59	Астананың, республикалық, облыстық және аудандық маңызы бар қалалардың аумағында орналасқан автоотын құю станцияларында бақылау құрылғыларын енгізуді қамтамасыз ету	пайдалануға беру актілері	2019 жылғы 1-тоқсан	Қаржымині	талап етілмейді	
60	Міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыруды енгізу бойынша мониторинг жүргізу және шаралар қабылдау	мониторинг жүргізу	2020 жылғы 4-тоқсан	ДСМ (жинақтау), ҰЭМ, Еңбекмині	талап етілмейді	

Ескертпе: аббревиатуралардың толық жазылуы:

- АШМ – Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрлігі
- АКМ – Қазақстан Республикасының Ақпарат және коммуникациялар министрлігі
- Әділетмині – Қазақстан Республикасының Әділет министрлігі
- БП – Қазақстан Республикасының Бас прокуратурасы
- ДСМ – Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау министрлігі
- ЕК – Республикалық бюджеттің атқарылуын бақылау жөніндегі есеп комитеті
- Еңбекмині – Қазақстан Республикасының Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі
- ЖС – Қазақстан Республикасының Жоғарғы Соты
- ИИДМ – Қазақстан Республикасының Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрлігі
- Қаржымині – Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі

ҚАӨМ	– Қазақстан Республикасының Қорғаныс және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігі
МСМ	– Қазақстан Республикасының Мәдениет және спорт министрлігі
МҚІСҚА	– Қазақстан Республикасының Мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі
СІМ	– Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігі
ҰБ	– Қазақстан Республикасының Ұлттық банкі
ҰҚК	– Қазақстан Республикасының Ұлттық қауіпсіздік комитеті
ҰЭМ	– Қазақстан Республикасының Ұлттық экономика министрлігі
ІІМ	– Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрлігі
ЭМ	– Қазақстан Республикасының Энергетика министрлігі
ҰКП	– "Атамекен" Қазақстан Республикасының ұлттық кәсіпкерлер палатасы
ҚҚК	– Қазақстан қаржыгерлерінің қауымдастығы
ШЫҰ	– Шанхай ынтымақтастық ұйымы
АЕК	– айлық есептік көрсеткіш
БКМ	– бақылау-касса машиналары
БАҚ	– бұқаралық ақпарат құралдары
ЖТС	– жеке табыс салығы
ЖАО	– жергілікті атқарушы органдар
КТС	– корпоративтік табыс салығы
ҚҚС	– қосылған құн салығы
НҚА	– нормативтік құқықтық акт
СЭҚ	– сыртқы экономикалық қызмет
ТБЖ	– тәуекелдерді басқару жүйесі
ҰБХ	– ұлттық басқарушы холдингтер
"ЭШФ"	– электрондық шот-фактуралар ақпараттық жүйесі
АЖ	